

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ШЕТ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
**«АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ШЕТ ТІЛДЕРІ:
ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯСЫ»**
атты халықаралық онлайн ғылыми-практикалық
конференцияның материалдарының жинағы

26 қараша, 2021 ж.

Collection of articles of the International
online scientific and practical conference
**"FOREIGN LANGUAGES IN ASIAN COUNTRIES:
TEACHING EXPERIENCE AND INNOVATION"**
dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's Independence

November 26, 2021

Сборник материалов Международной
научно-практической онлайн-конференции
**«ИНОСТРАННЫЕ ЯЗЫКИ В СТРАНАХ АЗИИ:
ОПЫТ ПРЕПОДАВАНИЯ И ИННОВАЦИИ»**,
посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан

26 ноября 2021 г.



INNOVATION

Нур-Султан
2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ**

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ

**Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«Азия елдеріндегі шет тілдері: оқыту тәжірибесі және инновациясы» атты
халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференцияның
материалдарының жинағы
26 қараша, 2021 ж.**

**Collection of articles of the International online scientific and practical
conference "Foreign Languages in Asian Countries:
Teaching Experience and Innovation"
dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's Independence
November 26, 2021**

**Сборник материалов Международной научно-практической
онлайн-конференции «Иностранные языки в странах Азии: опыт
преподавания и инновации», посвященной 30-летию независимости
Республики Казахстан
26 ноября 2021 г.**

@Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А30

Редакция алқасы:

Төраға – Қосыбаев М.М., PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің деканы
Жауапты редактор – Мейрамбекова Л.К., PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі
Ғылыми редакторлар – Бейсембаева С.Т., ф.ғ.к.,
Есенғалиева А.М., п.ғ.к.
Техникалық редакторлар – Милованова Н.В., магистр;
Кулахметова Ж.Т., магистр

«Азия елдеріндегі шет тілдері: оқыту тәжірибесі және инновациясы»
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдары (26 қараша 2021 жыл). – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 299 б.

ISBN 978-601-337-620-2

Жинаққа «Азия елдерінде шет тілдерін оқыту: тәжірибесі мен инновациясы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары енді. Конференцияға Ресей Федерациясы, Франция, Испания, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан және Қазақстан білім берудегі саласының мамандары қатысты.

Жинақта білім беру ісінің өзекті мәселелері, осы заманғы озық технологияларды меңгеру мен оны оқыту ісінде қолданудың тиімді әдістері, кредиттік оқыту жүйесінің теориясы мен әдістемелік негіздері, педагогикалық қызметтің теориясы мен практикасы, халықаралық білім беру технологияларын тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдері кең көлемде қамтылған.

Конференция материалдары профессор-оқытушылар құрамына, ЖОО-ның білім алушыларына, сонымен қатар қалың көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-337-620-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

2. «Мұғалім және қоғам» // №3 // 2018ж.
3. «Ұстаз» журналы // 2020
4. «Қазақстан мектебі» // №2 // 2013ж // Ғылыми-педагогикалық журнал
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық
6. «Ағылшын тілі мектепте» №3/ 2019ж // Ғылыми-әдістемелік журнал
Исмагулова Р.С. Коммуникативтік құзыреттіліктің шет тілін оқып үйренудегі рөлі // Известия НАН РК. — 2015.
7. Жанысбаев Д.С. Шет тілін оқыту процесінде мәдениет аспектісінің маңызы // Жанұя мен мектептегі тәрбие = Воспитание в семье и школе. – 2018.
8. Ибрагимова Ж.С. Шет тілін оқытудағы негізгі ұстанымдар // Орта мектеп жаршысы = Вестник средней школы. – 2013.
9. Ахметова Г. Шет тілін оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудағы кейбір мәселелер // Ұлағат. – 2017.

ӘОЖ 372.881.111.1

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Мырзамұрат Балерке Мошқалқызы

yerkemtse@mail.ru

магистрант

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Кулахметова Жанна Ташқызы

zh.kulakhmetova@gmail.com

аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

«Білім негізі – бастауышта», дегендей, әрбір адамның тұлға болып қалыптасына негіз болатын, білімнің қайнар бастауы, дәл осы кезеңде жүзеге асырылатыны белгілі. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған сәттен бастап, жаңа өмірге бейімделудің барлық сатысынан өтетін бүлдіршіндерді дұрыс бағытқа қарай жол сілтеп, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру ұстаздарға артылған үлкен міндет.

Бастауыш сынып оқушылары ойыннан әлі алыс кете қоймағанын ескерсек, сабақ беру барысында дәл осы элементті негізгі тәсілдердің бірі ретінде жүзеге асыру өте оңтайлы шешім болмақ. Себебі, ойын элементтері қашан да кіші жастағы оқушыларға өте қызық.

«Психология» атты еңбегінде В.А.Крутецкий былай деп топшылаған болатын: «Балалардың оқуға деген ынтасын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытып, назарларын аударту үшін ойын элементтерін ұйымдастырып, олардың басқа дүниеге назар аударуға уақыты болмауын қадағалау қажет. Балалар үшін қызықты ойын түрі сабақты жүйелі өткізуге негіз болып, балалардың басқа дүниеге көңіл бөлмеуіне, алаңдамауына әкеледі. Белсенді іс-

қимыл – оқуды одан әрі қызықты етіп, оның барлық назарын тек сабаққа аударады» [1].

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын ойын технологиялары арқылы арттыру барысында педагогикалық технологиялар тереңінен қолданылуы тиіс. Ол өзіндік белгілі бір жүйелер мен бағдарламалар негізінде әзірленіп, әр пәнмен тікелей байланыса отыра, оқушылардың жас ерекшелігін де ескерген жөн. Мәселен, бірінші сынып оқушысы үшін, тапсырмалар тез орындалатын, ойындар жылдам жүзеге асырылатын болуы тиіс. Бұл бүлдіршіндерді жалықтырып алмау үшін өте қажет. Дәл солай жас ұлғайған сайын, ойын элементтерінің танымдық көкжиектері де кеңіп, барынша күрделене бермек. Ең бастысы, ол оқушыларға қызықты әрі тақырыппен тығыз байланысқан жөн.

Педагогикалық ойын келесідей мақсаттарды айқындап, бастауыш сынып оқушыларына дұрыс бағытта білім беруді көздейді:

Дидактикалық. Бұл оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, танымдық деңгейлеріне біршама әсер ете алады. Берілген мәліметтерді тереңінен игеруге ықпал етіп, оң нәтижеге жылдам қол жеткізуге негіз болмақ.

Дамытушылық. Ол оқушылардың назарын аудартуға бағытталып, есте сақтау, сөйлеу тілін дамытады. Берілген тапсырманы ойын көмегімен шешу амалдарын қарастырып, еркіне қиял бітіріп, шығармашылығын шыңдауға септігін тигізбек.

Тәрбиелік. Оқу мен тәрбие егіз ұғым екенін ескерсек, қандай әдіс – тәсіл болсын, ең алдымен оқыта отыра, тәрбиелеуді естен шығармағанымыз жөн. Осы орайда, педагогикалық ойын элементтерінің ажырамас бөлігі ретінде де, тәрбиелілік барысы назардан тыс қалмақ емес. Ол әрбір баланың жеке басына қатысты құндылықтарды қалыптастыруға негіз болып, жақсы қасиеттерін арттыруға бағытталмақ.

Ойын балалардың биологиялық және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырады және олардың психикалық, эмоционалды дамуына ықпал етеді. Ойындағы түрлі рөлдер арқылы, баланың ойлау қабілеті дамып, «жақсы» және «жаман» деген түсініктерді тереңірек ажыратуға септігін тигізбек. Бұл оң және теріс мінез – құлықты ажыратуға көмектесіп, өзіндік ой қалыптастыруына негіз болмақ [2].

Бастауыш сынып оқушыларымен ойын элементтерін жүзеге асыру барысында оны біртіндеп, жеңіл түрінен бастап, күрделендіру түсу қажет. Бас кезінде ол қысқа ойын түрінде 10- 15 минутты құрап, кіріспе түрінде жүргізілуі керек. Ол белгілі бір тақырыпты қамтып, ертегі, әңгіме, не болмаса логикалық ойын түрінде, тез сұрақ-жауап арқылы, викторина ұйымдастыру тағы да өзге әдіс-тәсілдер арқылы өтуі тиіс. Оқушыларды сабаққа толық дайындап, назарларын аудартып алған соң барып қана, келесі кезеңге өтуге болады. Яғни, тапсырмаларды сәл күрделендіріп, негізгі тақырыпқа көшу қажет. Заманауи білім беру барысында, оқушылар сабақтың мақсатын, тақырыбы мен міндеттерін өздері тауып, қай бағытта екендігін ажырата білуі тиіс.

Ұтымды әдіс-тәсілдердің бірі ретінде, сабақ барысында үштілділікті қолдана отыра, ойын элементтерін жүргізу де оңтайлы шешім болмақ. Қазіргі таңда ағылшын тілі бүкіләлемдік аренада үлкен беделге ие екендігін ескерсек, қай пән болмасын шет тілін кірістіре отыра, сабақ өткізу пәнаралық байланысты одан әрі нығайтып, оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға негіз болмақ. Олай дейтін себебіміз, жаңартылған білім беру барысында, ағылшын тілі бірінші сыныптан бастап игертіліп, болашақта жан – жақты жетілген тұлға қалыптастыру барысында жүйелі түрде меңгертіліп келеді. Әрине, бастауыш сынып оқушылары тіл игеру жағынан өте икемді. Себебі, олар тың мәліметтерді тез жаттауға және оны есте сақтауға өте қабілетті болып келеді. Сондықтан, ойын барысында белгілі бір сөздердің аудармасын үш тілде айту, таратпа қағазы арқылы ұқсас элементтерді табу, суреттер көмегімен көптілділікті дамыту өзінің оң нәтижесін беретіні анық.

Ойын элементтерін жүзеге асыру барысында инновациялық білім беруді де естен шығармаған дұрыс. Себебі, қазіргі таңда заман ағымына орай, тың технологиялар терең қолданысқа еніп, ол өзінің тиімділігін байқатуда. Әрине, жаңашыл ұстаз да заман ағымына сай болып, кез-келген өзгерісті дереу қабылдап, оны оқу барысында қолдана алса, ол өзінің ұтымдылығын байқатпақ. Өскелең ұрпақ техниканың тілін жақсы түсінеді, кез-келген істен хабары бар. Бүгінгі таңда әр үйде смартфон, гаджеттер, компьютер, жаңартылған дизайндағы теледидарлар бар екендігін алға тартсақ, сабақ барысында да, түрлі бағыттағы ойын элементтері шәкірттер үшін таңсық болмасы анық. Сондықтан, ойын элементтерін инновациялық технологияларды қолдана отыра өткізу еш қиындық әкелмейді, керісінше, оқушылардың ынтасын одан әрі арттырып, сабаққа деген қызығушылықтарын еселей түсетіні рас.

А.С.Макаренко «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың қызметтің қандай маңызы болса, олар үшін ойынның нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскенде жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады.» [3]

Бұл сөздердің жаны бар. Себебі, ойын әрекеті – бұл адам іс – әрекетінің ерекше саласы. Онда тұлға өз ісінен ләззат ала отыра, физикалық және рухани жағынан дамып, басқа дүниелерді кеңінен таниды [4].

Д.Б. Эльконин ойынға мынадай анықтама береді: «Адам ойыны – бұл адамдар арасындағы қоғамдық қатынастар тікелей утилитарлық әрекеттің шарттарынан тыс қайта жасалатын әрекет» [5].

Сондай-ақ, ойын балаларды ақыл-ой мен адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі, оқушының жеке басына жағымсыз немесе тыйым салынған тәжірибелерді арылтатын құралы деп санауға болады.

Ойын технологияларын қолданатын сабақтың келесі түрлерін қарастырамыз:

- 1) сабақтағы рөлдік ойындар;
- 2) ойын тапсырмаларын (сабақ – жарыс, сабақ – жарыс, сабақ – саяхат) пайдалана отырып, оқу үдерісінде ойын ұйымдастыру;

3) дәстүрлі сабақта әдетте ұсынылатын тапсырмаларды (орфографияны табу, талдау түрлерінің бірін орындау және т.б.) пайдалана отырып, оқу үдерісінде ойын ұйымдастыру;

4) сабақтың белгілі бір кезеңінде ойынды қолдану (басы, ортасы, соңы; жана материалмен танысу, білім, іскерлік, дағдыны бекіту, меңгергендерін қайталау және жүйелеу);

5) бастауыш сынып оқушылары арасында сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі түрлері (экскурсиялар, кештер, олимпиадалар және т.б.).

Ойын технологияларын қолдану оқу үдерісінде маңызды орын алады, өйткені олар танымдық қызығушылықтарды тәрбиелеуге және оқушылардың іс-әрекетін жандандыруға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар басқа да бірқатар функцияларды орындайды:

1) материалдың ерекшелігін ескере отырып, дұрыс ұйымдастырылған ойын есте сақтауды жаттықтырады, оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі;

2) ойын оқушылардың ақыл-ой әрекетін ынталандырады, зейінін дамытады және пәнге танымдық қызығушылығын арттырады;

3) ойын – оқушылардың енжарлығын жеңу әдістерінің бірі.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын дамыту құралы ретінде ойын технологияларын қолданудың теориялық негіздерін қарастыра отырып, біз мынадай қорытындыға келдік:

1. Танымдық қызығушылықтар – оқу қуанышымен, қиындықтарды жеңумен, табысқа жетумен, өзін-өзі көрсетумен және дамып келе жатқан тұлғаны бекітумен пәнді оқуға жағымды эмоционалды бояумен байланысты белсенді танымдық бағыт.

2. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтары дамуының өзіндік ерекшеліктері бар. Оқу мотиві ретінде танымдық қызығушылық оқушыны өз бетінше әрекетке итермелейді, қызығушылық болған жағдайда білімді меңгеру процесі белсенді, шығармашылық сипатқа ие болады, ол қызығушылықтың күшеюіне әсер етеді. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын дамыту оларға қолжетімді формада, яғни ойын, ойын технологияларын қолдану арқылы жүзеге асуы керек.

3. Ойын элементтері қолданылған сабақтар, ойын жағдаяттарын қамтитын жарыстар оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға айтарлықтай ықпал етеді. Ойын барысында оқушы танымдық іс-әрекеттің толық қатысушысы болып табылады, ол өз бетінше өзіне міндеттер қояды және оларды шешеді.

Бастауыш сынып оқушыларының ойын элементтерін сабақ барысында қолдану және іс-әрекетін бағалау бойынша төмендегідей тапсырма орындалды.

Тапсырма. Жыл мезгілдері туралы білім (жеке немесе шағын топтар).

Мақсаты: Жыл мезгілдері туралы білім деңгейін анықтау.

Құрал-жабдықтар: Жазба қағаздары, түрлі-түсті қарындаштар және фломастер.

Берілетін нұсқаулық: Сізге жылдың қай мезгілі көбірек ұнайды және неге? Жылдың осы мезгілінің суретін сал. Сіздің сүйікті маусымыңыздан кейін келетін жыл уақытын атаңыз, одан кейін не болатынын айтыңыз және т.б.

Содан кейін ол «*бұл қашан болады?*» деген сұраққа жауап беруді ұсынады: Жарқыраған күн жарқырап тұр, балалар өзенде жүзеді.

Ағаштарды қар басып, балалар төмен қарай шанамен сырғанауда.

Ағаштардан жапырақтар түседі, құстар жылы аймақтарға ұшып кетеді.

Ағаштарда жапырақтар гүлдейді, қар бүршіктері гүлдейді.

Іс-әрекет нәтижесін бағалау:

Жоғары деңгей (13-15 ұпай)

Оқушы жыл мезгілдерін дұрыс атайды. Оларды дұрыс ретімен тізімдейді.

Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін біледі.

«Сізге қай жыл мезгілі көбірек ұнайды және неге?» деген сұраққа жауап беру кезінде шығармашылық пен қиялды көрсетеді.

Жадында ол белгілі бір маусымның маусымдық сипаттамаларын жаңғыртады.

Оның суреті бойынша пікірлер.

Табиғатқа эстетикалық көзқарасын білдіреді.

Орта деңгей (8-12 ұпай)

Оқушы жыл мезгілдерін дұрыс атайды. Кейде оларды дұрыс ретпен атау қиын.

Негізінен әр маусымның ерекшеліктерін біледі, бірақ кейде болмашы қателіктер жібереді.

«Сізге қай мезгіл көбірек ұнайды және неліктен?» деген сұраққа тек жыл мезгілін атаумен жауап береді.

Сурет белгілі бір маусымның маңызды ерекшеліктерін көрсетеді.

Табиғатқа эстетикалық көзқарасын білдіреді.

Төмен деңгей (5-7 ұпай)

Оқушы жыл мезгілдерін дұрыс атай бермейді. Оларды дұрыс ретпен атау қиын.

Жыл мезгілдеріне тән белгілерді білмейді.

«Сізге жылдың қай мезгілі көбірек ұнайды және неге?» деген сұраққа жауап беріп, тек жыл мезгілін атайды.

Сызба белгілі бір маусымға тән белгілерді көрсете алмайды.

Табиғатқа эстетикалық қатынасын білдірмейді.

Бастауыш сынып оқушыларына осындай ойын түрлерін кірістіре отырып сабақ ұйымдастыру арқылы бірқатар жетістіктерге қол жеткізуге болады, атап айтқанда, оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады, сөздік қорлары молаяды, зейіндері қалыптасып, ойлау қабілеттері мен сабаққа деген қызығушылықтары артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Крутецкий В.А. Психология. Издание 2-е, переработанное и дополненное. – Москва : Просвещение, 1986. – 336 с .

2. Леонтьев А.А. Психология коллективной деятельности в учении // Начальная школа, 2002. № 11. С. 3-6.
3. Макаренко, А.С. Правильно воспитывать детей. Как? - М.: АСТ, 2013.
4. Абрамова, Г.С., Степанович В.А. Деловые игры (Теория и организация). – Екатеринбург, 1999. -192 с.
5. Эльконин, Д.Б. Психология игры. - М.: Просвещение, 2009. - 225 с.

ӘОЖ 811.111

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІНІҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Серікбол Күнсұлу
kun_sulu-97@mail.ru

Шет тілі: екі шет тілі мамандығының 2 курс магистранты
Шоқан Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

Жаңартылған ағылшын тілі бағдарламасы аясында оқу дағдыларын дамыту ерекшеліктері. Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту-сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемнің жағдайында зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру» деп атап көрсеткендей бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді талап етеді. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру – оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Елбасы Н.Ә Назарбаев жылдар бойы білім және ғылым саласына ұдайы көңіл бөліп келеді. Биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», -деген жолдар – соның дәлелі.